

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

Бүгінгі күні «емнің – екпеде», «саулықтың – сақтықта» екенін естен шығармаған жөн. Қайдан келсе де, адам атаулыны сарсаңға салған вирусты жеңу барша халықтың өз қолында болып отыр.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Всемирная организация здравоохранения. <https://www.who.int/ru>
2. Пресс брифинг по COVID-19 11 марта 2020 г. <https://www.who.int/ru/director-general/speeches/detail/who-director-general-s-opening-remarks-at-the-media-briefing-on-covid-19---11-march-2020>
3. Chinese virologist accuses Beijing of hiding details on coronavirus. <https://www.youtube.com/watch?v=NUbrE1v4kuQ>
4. Летучая мышь ... инфицированный COVID-19 человек: что в промежутке? <https://news.un.org/ru/story/2021/01/1394312>

ӘОЖ 070

**БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ – ҚОҒАММЕН БАЙЛАНЫСТАҒЫ
МАҢЫЗДЫ ҚҰРЫЛЫМ РЕТІНДЕ**

Омарханов Жанжігіт Абзалбекұлы

zhanzhigit@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Журналистика және саясаттану факультетінің докторанты,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Қ.Ө. Сак

Мемлекеттік құрылымның қызметі, ондағы атқарылып жатқан жұмыстар қалың жұртшылыққа жеткізіліп отыруы бүгінгі таңда маңызды қажеттілікке айналған. Әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік органдардың сан қырлы қызмет түрлерін халыққа жеткізуде сол құрылымның негізгі бөлімшелерінің бірі баспасөз қызметінің, қоғаммен байланыс орталықтарының жұмысына тікелей байланысты. Белгілі бір министрліктің, ұлттық компанияның немесе әрқилы деңгейдегі әкімдіктердің жұмысы баспасөз қызметі арқылы көпшілікке жететіндіктен бұл құрылымға мемлекет тарапынан ерекше мән беріле бастады.

Әдетте бұл құрылымдар бұқаралық ақпарат құралдарымен тікелей байланыста жұмыс істеп, тиісті мемлекеттік мекеменің атқарып жатқан жұмыстары туралы нақты, тексерілген ақпаратты БАҚ құралдарына жолдайды. Қазіргі кезде Қазақстанда баспасөз қызметі әлеуметтік институттардың бірі ретінде жұмыс істесе, кейбір мемлекеттерде мұндай құрылымдар қоғаммен байланыстарды ұйымдастыру саласындағы PR агенттіктері мен компаниялары форматында жиі кездесетін көрінеді. Біздің елімізде идеологиялық функцияларды атқаратын баспасөз қызметтері дамып келе жатыр. Себебі қалай болғанда да баспасөз қызметі тиісті министрліктің, мемлекеттік мекеменің маңызды ақпаратын баспасөз, телевизия, радио және басқа салаларда қызмет істейтін журналистерге жеткізіп, белгілі бір идеяларды, нақты ресми ақпараттарды жеткізеді.

Біздің елімізде алғашқыда Президенттің баспасөз қызметі өнімді жұмыс істеп, барлық бұқаралық ақпарат құралдары баспасөз мәслихаттарына қатысу арқылы нақты ресми ақпарат алу мүмкіндігіне ие бола бастағаннан кейін, жүре келе әкімдіктерде, министрліктерде, ұлттық компанияларда бұндай құрылымдар ақырындап құрыла бастады. Ал кейіннен олардың жұмыстары да қарқын алды, кейіннен бүкіл басқару жүйесінде кең тарады.

Қазіргі таңда түрлі ұйымдар мен мекемелерде, мемлекеттік және жекеменшік құрылымдарда арнайы құрылған бөлімдердің жұмыс аясы бұқаралық ақпарат құралдарымен

өзара әрекеттесу және ынтымақтастық болып табылады. Осындай құрылымдардың өмір сүруінің барлық кезеңінде журналистика саласындағы ғалымдар мен сараптаушы зерттеушілер мен қоғаммен байланыс саласындағы сарапшылар қызметтің ерекшеліктерін анықтауға және аспектілерін белгілеуге, сондай-ақ оның негізгі мақсаттары мен міндеттерінің ауқымын анықтауға күш салуда.

Дей тұрғанмен, осынау құрылымдардың міндеттері мен үлгілерін анықтау, қоғаммен байланыс мәселелері бойынша әлі де бірыңғай ұстаным жоқ. Сондай-ақ, мұндай құрылымдарды белгілеудің бірнеше жалпы қабылданған атаулары бар болса да, бұл тұжырымдаманы ұсынатын әмбебап термин жоқ. Ол қайбір мекемеде баспасөз орталығы делінсе, бірқатарында баспасөз қызметі, ал қайсыбіреулерінде БАҚ бөлімі, аяки қпараттық-талдау бөлімі немесе әлеуметтік маркетинг бөлімі деп кете береді. Алайда, айналып-үйіріліп келгенде бұл құрылымдардың іс жүзінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қоғаммен байланыс орнатуға және өз ұйымының қызметі туралы материалдарды тұрақты жариялауға ұмтылады. Яғни атаулары әртүрлі болғанымен атқарар істері ортақ.

Мемлекеттегі ақпараттық-сараптамалық саясатты жүзеге асыруда ақпараттық-коммуникациялық аспектіде баспасөз қызметтерінің қызметін ғылыми тұрғыда талдау ерекше маңызды және өзекті болып табылады. Өйткені ақпарат тарата салудың да ел мүддесі үшін қажетті тұстары аз емес. Сондықтан әлеуметтік коммуникация институттарының бірі ретінде танылған қоғаммен байланыс жүйесінде баспасөз қызметі негізгі орын алады және іс жүзінде негізінен бұқаралық ақпарат құралдарымен қарым-қатынас орнатумен айналысатындықтан олардың қимыл-әрекеттері сараптаулардан өтіп тұруы тиіс. Себебі қоғам мен әртүрлі ұйымдардың, соның ішінде мемлекеттік органдардың журналистикаға да, БАҚ және қоғаммен қарым-қатынасты қамтамасыз ететін құрылымдарға да сұранысының артуына байланысты бұл мәселеде ойласатын мәселелер аз емес.

Бүгінгі нарықтық экономика қарыштап дамып жатқан кезеңде кез келген ұйым мен мекеменің табысты дамуын қоғаммен немесе мақсатты аудиториямен және бұқаралық ақпарат құралдарымен байланысты қамтамасыз ететін және қолдайтын қуатты ақпараттық компания анықтайды. Осыған байланысты ақпарат көздеріне қолжетімділік мәселесі өзекті бола түсуде. Фейк ақпараттарға жұрт «тойды» Енді баспасөз қызметтері сенімді ақпарат көзі ретінде әрекет етіп, белгілі бір дәрежеде БАҚ-тың ақпаратқа, оның ішінде ресми ақпаратқа қол жеткізуін жеңілдете бастады. Қазіргі таңда еліміздің мемлекеттік органдарында, ұлттық компаниялар мен акционерлік қоғамдарында ақпараттық саясаттың өзіндік үлгілерін құру үрдісі байқалып, билік пен БАҚ арасында ақпараттық-коммуникациялық байланыстарды құрудың баспасөз қызметтері түріндегі өзіндік принциптері мен автономды тетіктерін қалыптасуда. Ғылыми тұрғыдан алғанда, бұл осы бағыттағы инновациялық тәсілдерді әзірлеу және дамыту үшін жергілікті мемлекеттік органдар, БАҚ және қоғам арасындағы ақпараттық-коммуникациялық байланыстарды оңтайландыру тетіктерін құруды қажет етеді.

Бір жайтты ескерген жөн, баспасөз қызметтері БАҚ арқылы қоғаммен қарым-қатынас орнатып қана қоймай, өз кәсіпорнын, ұйымын дамытуға, оның саяси, әлеуметтік және экономикалық мүдделерін қорғауға ықпал ететіндіктен олардың ақпараттық қызметінің маңызы арта түсуде. Сондай-ақ еліміздің мемлекеттік және қоғамдық құрылымдарында мемлекеттік қызметтің ашықтығын, мемлекеттік және қоғамдық ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз етудің негізгі кепілі ретінде PR бөлімшелерінің болуы қажеттілігін ел басқарған азаматтар да, мемлекеттік құрылымдар басшылары да тереңнен түсіне бастады. Отандық ғылыми зерттеулерге назар аударсақ, бұл мәселелер әлі де терең ғылыми зерттеу нысанына айнала қойған жоқ. Жекелеген бакалавр деңгейіндегі дипломдық жұмыстар болмаса бұған тереңнен мән беріп, ғылыми терең зерттеулер, салыстырулар тұрғысынан зерделеу жетіспей жатқаны жасырын сыр емес. Бұл құбылысты академиялық тұрғыдан қарастыруға жіті мән берілуі тиіс. Әрине БАҚ-пен қарым-қатынас тақырыбы бірқатар жеке басылымдарда, мақалаларда зерттеу нысанына айналғаны рас. Алайда оны көптеген мемлекеттік мекемелердегі баспасөз қызметін салыстыра отырып зерттеудің орны бөлек.

Сондықтан ғалымдардың қоғаммен байланыс саласындағы зерттеулердегі ең маңызды тәсілдерін зерттеу арқылы келелі ой түйю, болашаққа болжау жасау арқылы, қазіргі практикалық істерді саралау маңызды. Бұл тақырыпта көз майын тауысқан ірі ғалымдардың ішінен Джефкинс Ф. [1], Китчен Ф.[2]6 Чумиков А.Н. [3]6 Шомели Ж [4] сияқты ірі зерттеушілерді атап көрсеткен жөн. Ал Ворошилов В. В. [5], Гнетнев А. И.[6], Гундарин М[7], Деревянко И [8] сияқты ғалымдар баспасөз қызметі туралы арнайы көлемді кітаптар шығарды.

Сондай-ақ Шургина М., Вылегжанин Д.А., Жильцова О.Н., Коноваленко В.А., Николаенко Н.А. сияқты осы саланы зерделей зерттеп жүрген ғалымдардың еңбектері де назар аударарлық деуге болады. Олар қоғамдық қатынастарды зерттеудің әдіснамалық негіздерін, қоғамдық қатынастардың әлеуметтік қасиеттерін анықтады және PR түсінігінің негізгі анықтамаларын ұсынып, ғылыми кеңістікте бірқатар ұғымдарды, терминдерді нақтылады. Қоғаммен байланыс тақырыбы ТМД аумағында осы құбылыстың пайда болуының алғашқы күндерінен бастап академиялық назарда болды. Байыпты теориялық талдау негізінде зерттеушілер осы тұрғыда қалыптасқан практикалық тәжірибені зерттеп, жергілікті жағдайларға байланысты қоғамдық қатынастардың даму ерекшеліктерін анықтады.

Ендігі кезекте отандық ғалымдар «қоғаммен байланыс», «баспасөз қызметі» ұғымдарын зерттеудің теориялық және әдістемелік тәсілдерін жетілдіріп, «саяси коммуникация», «ақпараттық саясат», «ақпараттық-коммуникациялық байланыстар» ұғымдарын жан-жақты саралағаны жөн. Әсіресе ақпараттық саясаттың субъектісі ретінде баспасөз қызметінің құрылымдық-функционалдық қызметін қарастырылып, мемлекеттік органдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының және қоғамның өзара әрекеттесу жағдайына талдау жасау арқылы билік пен бұқаралық коммуникация құралдарының қарым-қатынасының ерекшеліктерін анықтаған жөн. Сонымен қатар қоғаммен байланыс қызметінде баспасөз қызметінің өзекті мәселелері мен даму тенденцияларын анықтап, жергілікті мемлекеттік органдардағы қоғамдық қатынастардағы ақпараттық саясат құралы мен институты ретінде баспасөз қызметінің орнын анықтаған жөн. Қазіргі таңда ақпараттық-коммуникациялық байланыстарды ұйымдастыру мен дамытудың ғылыми принциптерін нақтылап, оларды оңтайландырудың заманауи тетіктерін негіздеу күн тәртібіне қойылуы тиіс. Орталық мемлекеттік органдардан бастап жергілікті билік құрылымдарындағы баспасөз қызметінің ролін айқындап, олардың жұмысын жүйелеудің әдіс-тәсілдері де жан-жақты ойластырылғаны жөн.

Тағы бір назарда ұсталуға тиіс жайт – еліміздің мемлекеттік органдарында баспасөз қызметінің қалыптасуы мен дамуының тетіктері мен үлгілері зерттеліп, ақпараттық-талдау бөлімдерінің жұмыс принциптері зерттелуі тиіс. Сондай-ақ әртүрлі баспасөз қызметтерінің ақпараттық кеңістігіндегі қызметінің рөлі мен орны айқындалып, мемлекеттік органдарының ақпараттық саясатты жүзеге асыруға қатысу ерекшеліктері ашылуы тиіс.

Қазіргі таңда еліміздің ақпараттық кеңістігінде күрделі өзгерістер болып жатыр. Ендігі жерде жергілікті өзін-өзі басқару органдарында баспасөз қызметтері мен қоғаммен байланысқа жауапты басқа құрылымдардың жұмысын ұйымдастыруда, ақпараттық саясаттың тиімді жүйесін құруда жаңашылдықпен жұмыс істеу маңызды дер едік. Жаңа Қазақстанның құрылуы бұқаралық ақпарат құралдарымен және коммуникациялармен, сондай-ақ ақпараттық-аналитикалық құрылымдармен өзара әрекеттесуде жаңа форматта жұмыс істеуге талпыныстар жер-жерлерде байқалуда. Әрбір министрлік пен ведомстволарда баспасөз қызметінің жұмысын жетілдіруге байланысты әртүрлі курстар оқытылып, ондағы қызметкерлердің еститін үкімет талаптарын орындауы мақсатында брифингтер, семинарлар ұйымдастырылуы бұл құрылымның жұмыстарын жандандыруға бағытталуда. Бірқатар зерттеу университеттерінде, жергілікті оқу ордаларында мемлекеттік мекемелердің баспасөз қызметімен байланыс орнату үрдісі де байқалуда. Бірқатар зерттеулер жүргізіліп, сол зерттеулердің қорытындылары мен материалдарын баспасөз қызметі мен БАҚ қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында қоғаммен байланыс саласындағы мамандар мен

журналистердің кәсіби қызметінде қолдануға ұсыныстардың жасалуы осы тұрғыдағы қадамдардың сәтті болатынына себін тигізбек.

Бағалай білгенге баспасөз қызметі қоғамдық қатынастармен айналысатын құрылым ретінде еліміздің БАҚ жүйесінде ерекше орын алады.

Өйткені жергілікті мемлекеттік органдардың баспасөз қызметтері халықты жүйелі түрде ақпараттандыруға және бұқаралық ақпарат құралдары, билік органдары мен қоғам арасында өзара түсіністік, сенім мен өзара іс-қимылды орнатуға, сондай-ақ ұйым мен БАҚ және азаматтық қоғам арасында ақпараттық-коммуникациялық байланыс орнатуда шешуші рольге ие. Мемлекеттік органдардағы қоғамдық қатынастарды дамытудың ағымдағы тенденциялары жергілікті мемлекеттік органдардағы ұйымдық құрылымдарды институционализациялау, жаңа ақпараттық технологияларды пайдалануды ескере отырып, ақпараттық-коммуникациялық ресурстарды жетілдіру және кеңейту халықпен «жанды жұмыс» жүргізуге кең мүмкіндіктер ашады.

Бүгінгі таңда еліміздегі барлық министрліктерде баспасөз қызметі белгілі бір дәрежеде жолға қойылған. Ондағы қызметкерлер бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс жүргізгенде тек баспасөз релизін ғана беріп қоймай, түрлі мерзімді басылым, телеарналарға ақпарат берудің түрлі тиімді тәсілдерін де қолдануда. Соның бірі министрліктің білікті мамандарының өзекті мәселелер бойынша сұхбат беруі, түрлі дөңгелек үстел жұмыстарына қатысып, ашық пікірталастарға да қатысуы қарапайым халықтың билікке деген сенімін арттыруға әсерін тигізуде.

Сонымен қатар әрбір орталық мемлекеттік құрылымдардың баспасөз қызметінің халық тарапынан көп қойылатын сұрақтарға орай арнайы баспасөз мәслихаттарын жүйелі өткізе бастауын да жақсылықтың нышаны деп білген жөн. Өйткені шынайы ақпарат қарапайым халыққа жеткізіліп тұрмаса әртүрлі әлеуметтік желілерде фейк ақпараттар тарап кетеді. Егер әрбір министрлік өз саласы бойынша атқарылып жатқан істер туралы жүйелі ақпараттар таратып, тек дәстүрлі БАҚ-та ғана емес, Фейсбук, Инстаграм және басқа әлеуметтік желілердегі аккаунттары арқылы цифрлар мен фактілерді халыққа жүйелі жеткізіп отырса мұның өзі екіұшты пікірлердің тарамалуына мүмкіндік берер еді.

Баспасөз қызметі жұмысының сәтті жүргізілуі ондағы қызметкерлерге мотивация беруге де байланысты екені белгілі. Осы орайда Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің бұл салаға да назар аударып отыратыны өте құптарлық жайт дер едік. Өткен жылы өткен «Astana Media Week» медиа апталығының аясында «Жылдың үздік баспасөз қызметі» номинациясы белгіленіп, онда бұл номинация бойынша Сыртқы істер министрлігінің баспасөз қызметінің басшысы Ерлан Жетібаев марапатталып, «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісімен Денсаулық сақтау министрлігінің баспасөз хатшысы Артакшинова Асель Сейтжанова, Энергетика министрлігінің баспасөз хатшысы Жансая Хамитқызы, Сыртқы істер министрлігінің баспасөз хатшысы Айбек Смадияров, Қарағанды облысы әкімі аппаратының баспасөз хатшысы Марина Шапавалова марапатталғаны орталық басылымдарда хабарланды. (28 Қазан, 2022, Жылдың үздік баспасөз қызметі анықталды», ЕҚ)

Баспасөз қызметі қызметкерлерінің еңбегін бағалау бұл бірінші рет емес. Қазақстандағы ең үздік баспасөз қызметі 2018 жылғы 28 қыркүйекте де марапатталған еді. Ол кезде Қорғаныс министрлігінің командасы үздік баспасөз қызметі деп танылса, жергілікті атқарушы органдардың арасынан Алматы қаласының әкімдігі ерекшеленді. Жылдың үздік баспасөз хатшысы болып Алматы қаласы ІД баспасөз қызметінің басшысы Салтанат Әзірбек атанды. Қорғаныс министрлігінің баспасөз қызметі орталық мемлекеттік органның үздік баспасөз қызметі, ал Алматы әкімдігінің командасы жергілікті атқарушы органның үздік баспасөз қызметі деп танылды.

Бизнес пен квазимемлекеттік сектордың үздік баспасөз қызметі «Атамекен» ҰКП баспасөз қызметі, ал «Қоғамдық ұйымның үздік баспасөз қызметі» номинациясы бойынша ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Қорының баспасөз қызметі танылды. «Баспасөз қызметі –

жыл инноваторы» номинациясында Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Баспасөз қызметі жеңімпаз атанды.

Үздік баспасөз қызметтерін таңдау үшін тәуелсіз дауыс беру ұйымдастырылып, оған қазақстандық журналистер қатысты. Баспасөз қызметтерінің жұмысын бағалауда журналистердің сауалдарына жедел жауап беру, өзекті мәселелер бойынша түсініктеме беру, дағдарысты басқару, күйзеліске төзімділік, әдептілік және тағы басқа мәселелер бойынша сауалнама жүргізілген. Жалпы Қазақстандағы ең үздік баспасөз қызметтерін таңдап, марапаттау бірінші рет емес. 2017 жылы да баспасөз қызметін марапаттау жүзеге асырылған еді.

Бұл – жақсы үрдіс. Билік пен халықтың арасында қызу байланыс, диалог болу үшін баспасөз қызметтерінің жұмысы өте үлкен жауапкершілікпен ұйымдастырылуы тиіс. Мұндай қызметке елмен тығыз байланыста жұмыс істей алатын, коммуникациясы жетілген, білімді, білікті мамандардың жұмылдырылғаны жөн. Сонда баспасөз қызметінің жұмысы да жанданады. Түйіндеп айтқанда, халықпен тығыз қарым-қатынас орнатуда баспасөз қызметінің ролі зор. Сондықтан бұл жұмысқа терең мән берілгені абзал.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Джефкинс Ф., Ядин Д. Паблик рилейшнз / Пер. с англ. под ред. Б.Л. Еремина. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2017 – 416 с.
2. Китчен Ф. Паблик рилейшнз: принципы и практика / Пер. с англ. под ред. Б.Л. Еремина. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2017. – 454 с.,
3. Чумиков А.Н. Реклама и связи с общественностью: имидж, репутация, бренд. – М.: Аспект Пресс, 2016. – 159 с.,
4. Шомели Ж. Связи с общественностью : пер. с франц. / Ж. Шомели, Д. Уисман ; под ред. Г.Е. Алпатова. – 9-е изд. – СПб. : Нева, 2003. – 128 с.
5. Ворошилов В. В. Современная пресс-служба; КноРус - Москва, 2012. – 222 с.
6. Гнетнев А. И., Филь М. С. Современная пресс-служба; Феникс - Москва, 2010. - 416 с.
7. Гундарин М., Гундарина Е. Пресс-релиз; Феникс – Москва, 2013. – 192 с.
8. Деревянко Илья Пресс-хата; Эксмо-Пресс, Эксмо-Маркет - Москва, 2013. – 432 с.
9. «Жылдың үздік баспасөз қызметі анықталды», Егемен Қазақстан», 28 Қазан, 2022.

УДК 070

ИСТОРИЧЕСКИЙ ЭКСКУРС В ФОРМИРОВАНИЕ СТИЛЕЙ ПУТЕШЕСТВИЙ

Озенбаева Назым Тукибаевна

ozenbayeva@mail.ru

Магистрант факультета Журналистики и политологии
ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – А.К. Ишанова

Поскольку любая культурная система формируется под влиянием собственной истории, а также внешних воздействий, конкретные путешествия, пункты назначения и институты должны рассматриваться в связи с историческим развитием традиций и искусства путешествий в целом. Возможности и ограничения даже наименее сознательных путешествий в значительной степени определяются состоянием самого искусства путешествий: его нормами, технологиями, институциональным устройством и мифологией. Принятие этой предпосылки влечет за собой отход от большинства современных социологических работ по туризму, которые редко придают вес прошлому (выраженному в